

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 3 ақпандағы № 76
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекті шама шеңберінде
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес
акционерлік қоғамының 2025 жылға арналған комиссиялық сыйақысының
пайыздық мөлшерлемесінің шамасын белгілеу туралы**

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы бұйрықтың 4-тармағымен.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 5-1) тармақшасына, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 1156 қаулысының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) 2025 жылға арналған қызметін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шама шеңберінде Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасы есепті айда Қордың шотына түскен активтер мөлшерінің 1,18 пайызы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Экономика, қаржы және корпоративтік басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі оның көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

банкiне енгiзу үшiн Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнiң «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсiпорнына жiберудi;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейiн оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлiгiнiң интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсiн.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшiлiк ететiн Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрiне жүктелсiн.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгiзiледi.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрi

А. Әлназарова